

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 735 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1328 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға 2006 жылға арналған мемлекеттік квотаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 735 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж. , N 29, 310-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген заңды тұлғалар үшін есірткі құралдарына 2006 жылға арналған қажеттілік есебінде:

реттік нөмірі 7 - жолда :

"Медициналық мақсаттар үшін (граммен)" деген бағандағы "0,8" деген сандар "918,8" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жиыны (граммен)" деген бағандағы "0,8" деген сандар "918,8" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы